





Бөлімі:	Физикалық география. Гидросфера
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сыныбы:	9 Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Қазақстанның ішкі суларының түрлері
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	9.3.3.1 Қазақстанның ішкі суларын топтастырады, көрсеткіштерін талдайды және сипаттайды: өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты сулары
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушы: Қазақстанның ішкі суларын топтастырады; Көпшілік оқушы: ішкі су көрсеткіштері талдайды Кейбір оқушы: Өзендерге сипаттама береді

Сабақтың барысы:

<u>Сабақ кезеңі/ Уақыты</u>	<u>Педагогтің іс-әрекеті</u>	<u>Оқушының іс-әрекеті</u>	<u>Бағалау</u>	<u>Ресурстар</u>
Сабақтың басы (5 мин) (5 мин)	Сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу. «Өзен көл аттары арқылы топқа бөлу» әдісі. Тиімділігі: топқа бөлінеді. «Миға шабуыл» әдісі. Өзен көл аттары арқылы топқа бөлу арқылы және өзен, көл, бұлақ туралы жұмбақтар жасырады. Ортақ қасиеттерін тақырыпты хабарлайды. Туған жердің белбеуі, Шұбатылып қалыпты, Керемет-ау кернеуі Тасты кесіп, жарыпты! ((Өзен) Ауыл сыртында сайда Жатыр үлкен айна. (көл) Тиімділігі: айтылым қалыптасады. Саралау: бұл жерде саралаудың «қарқын» тәсілі көрініс табады Үй тапсырмасын қайталау. Сұрақ-жауап. 1.Қазақстанның ең суық айы? Қандар 2. Ең суық жері? Атбасар өңірі 3.Төменгі ауаның әсері тимеген тау биткейлерінде биіктеген сайын қыста температура жоғарлайды оны қалай атайды? Температура инверсиясы 4.Ең жылы айы? Шілде	«Топтық сәлемдесу» жаттығуы. Мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын, топтық өзара әрекеттесу әдістерін дамыту, күйзелісті төмендету. Нұсқау Өзен көл аттары арқылы топқа бөлу2 топқа бөлінейік. Әр топтың міндеті – мимика мен ишарат арқылы басқа топтарға сәлемдесу Мақсаты: Жұмбақты шешеді, тақырыпты дәптерге жазады.	«Мадақтау» тәсілі	

	<p>5. Жылы айында ең жоғарғы температура. +47⁰С</p> <p>6. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері қандай? 130-1600мм</p> <p>7. Жауын-шашын көп түсетін жері. Батыс Алтай</p> <p>8. Оңтүстік аудандарда кей жылдары жазда 2-3 ай жауын-шашын мүлдем жаумайтын кездері не байқалады? Құрғақ жанбыр</p> <p>9. Жылдық жауын-шашын мөлшерінің буланушылық қатынасын қалай атайды? Ылғалдану коэффициенті</p> <p>10. Түркістан қаласында буланушылық қанша мм? 1250 мм</p> <p>11. Жылдың жылы мезгілінде байқалатын ерекше атмосфералық құбылыстың бірі. Шаңды дауыл.</p> <p>12. Қауырт атмосфералық құбылысқа жатады. Үсік</p> <p>13. Халық шаруашылығына қолайсыз атмосфералық құбылыстардың бірі. Көктайғақ</p>			
<p>Сабақтың ортасы (15 мин)</p>	 <p>Жаңа тақырып меңгеру. «Толықтыр!»</p> <p>Су – құрлықтағы сұйық, қатты және газ күйінде болатын және бір күйден екінші күйге жеңіл өте алатын бірден-бір минерал. Қазақстанның жер бедерінің әртүрлігіне байланысты ішкі суда әртүрлі келеді. Шөл мен шөлейт зоналарында өзендер аз, ал дала және орманды дала зонасында едәуір көп, жер бетіндегі өзен</p>	<p>Мақсаты: Физикалық картадан Қазақстанның ірі ішкі суларын көрсетеді, топтастырады</p> <p>Қазақстанның ішкі сулары мен өзен алаптары картасындағы гистограмма бойынша алап өзендеріне сипаттама береді.</p>	<p>Топтардың бағалауы</p>	<p>Презентация Қазақстанның физикалық картасы</p>

<p>(5 минут)</p>	<p>торларының орналасуы сол аймақтың ылғалдану коэффициентіне байланысты екенін айтады.</p> <p>Республика аумағында ішкі суларды бірнеше түрге бөлеміз. Олар өзендер, көлдер, жер асты сулары, мұздықтар, және бөгендер мен каналдар.</p> <p>Өзендері. Қазақстан аумағында ірілі-ұсақты 85 мың өзен бар. Олардың ішінде 7 өзеннің (Ертіс, Тобыл, Есіл, Жайық, Сырдария, Іле, Шу) ұзындығы 1000 км-ден асады. Қазақстан өзендері Алтайдан Атырауға дейін созылып жатқан қасиетті өлке – Қазақстанымыздың тұла бойы тұнып тұрған сұлулық. Шалқыған жайлау, түтіні бұрқыраған ауыл, жазық дала, шыңдары аспанмен таласқан асқар таулар, сығырлай аққан бұлақтар мен ұзынды-қысқалы өзендер, көлдер, бақтардағы бұлбұл құстардың әсем үні мен айдың көлдегі аққу құстың қиқулаған ғажап дауысы...Бәрі-бәрі Табиғат-ананың сізбен бізге берген тамаша тартуы. Сондай қайталанбас әрі баға жетпес Табиғат тартуының бірі саналатын Қазақстан өзендері Әлемтану айдарының бүгінгі тақырыбы болмақ</p> <p>Республиканың барлық өзендері Солтүстік Мұзды мұхит және ішкі тұйық көлдер алаптарына құяды. Екі алап арасындағы суайрық Сауыр-Тарбағатай тау жүйесінің қырқасы мен Сарыарқа, Торғай үстірті арқылы өтіп,</p>	<p>Мақсаты: термин сөздерді дәптерге жазады.</p>		
------------------	---	---	--	--

	<p>Оңтүстік Оралға тіреледі. Топтар тапсырмалары: 1.Қазақстанның ішкі суларына кластер құру; 2.Қазақстанның ішкі суларына гистограмма бойынша сипаттама береді 3.Өзен жүйесін сурет бойынша сипаттайды 4.Картадан берілген объектілері көрсетеді Тиімділігі: топта жұмыс жасау арқылы «Диалогтық оқу және көмек» тәсілін пайдаланады. «Түртіп алу» әдісі. Оқулықтағы термин сөздерді дәтерге көшіреді. Тиімділігі: жазылым қалыптасады.</p> 			
<p>Сабақтың соңы (8 минут)</p> <p>(2 минут)</p>	<p>Араласқан өзендер атауын ұсынады:</p>  <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі. Тиімділігі: Сабақта алға білімдерімен бөлісіп, бір түсінбеген ұсын айтады.</p> 	<p>Араласқан дөңгелек ішіндегі өзендерді алаптары бойынша жіктейді. <u>Солтүстік мұзды мұхит алабы ...</u> <u>Каспий теңізі алабы ...</u> <u>Арал теңізі алабы</u> <u>Балқаш-Алакөл алабы ...</u></p>	<p>Өзін-өзі бағалау</p>	<p>Презентация</p>

